

**Зайсан ауданының жаңадан қалыптастырылған қоғамдық кеңесінің
бірінші отырысын хаттамасы**

Зайсан қаласы

2025 жылғы 20 ақпан

Отырысқа қатысқан Қоғамдық кеңеске қатысқандар:

1. Балғабаев Болатбек Балғабайұлы.
2. Бошақов Манарбек Шошабаевич.
3. Каламов Муратбек.
4. Жаксылыков Сакен Серикович.
5. Сайранов Кабиолда.
6. Жапсарбаев Болат Шамарович.
7. Уали Марат Калиасқарұлы.
8. Төлепбергенов Марат Кабиолданович.
9. Манарбеков Жасұлан Манарбекұлы.
10. Серік Саягүл Болатқызы
11. Бесембаев Бакытбек Бияхметович.
12. Бұйранов Серікбек Куанышбекович
13. Загипаров Еркебұлан Серикович

Қатыспағандар: 2

1. Кабидолдина Нұрғайни Нұрлыбековна – іссапарда
 2. Карабаев Ернар Жанабекович. – денсаулығына байланысты
1. Бірінші отырысты жұмыс тобының төрағасы Баймухаметова Зәуре Жансейтовна ашып жүргізді.

3. Баймухаметова:

- Бүгінгі Қоғамдық кеңестің отырысына Зайсан ауданының жаңадан қалыптастырылған қоғамдық кеңестің 15 мүшесінің 13-і қатысып отыр.

Қоғамдық кеңестің отырысын ашу жөнінде кімде қандай ұсыныс болады?

Ашылсын деген ұсыныс түсті. Дауысқа қоямын.

Жақтап 13, қарсы жоқ, ұстап қалған жоқ.

3. Баймухаметова:

- Қоғамдық кеңестің бірінші отырысын ашық деп жариялаймын.

Күн тәртібіне төмендегідей мәселелер ұсынылады:

1. Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау.
 2. Зайсан ауданының қоғамдық кеңесінің ережесін бекіту.
- Күн тәртібіне алып-қосарларыңыз бар ма?
- Жоқ болса күн тәртібі бекітілсін деген ұсынысты дауысқа қоямын.
- Жақтап 13 қарсы жоқ, ұстап қалған жоқ.

Күн тәртібі бекітілді.

3. Баймухаметова:

- Олай болса күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қоғамдық кеңестің төрағасын сайлау мәселесіне көшеміз.

Қоғамдық Кеңестің төрағасын ашық дауыспен сайлайық деген ұсыным бар. Басқа ұсыныс бар ма?

Жоқ болса осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Жақтап 13 қарсы жоқ, ұстап қалған жоқ. Ұсыныс қабылданды.

Зайсан ауданының Қоғамдық кеңесінің төрағасын сайлау жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?

Қ.Сайранов:

-Мен де ұсыныс бар.

Зайсан ауданының Қоғамдық Кеңесінің төрағалығына Уали Марат Қалиасқарұлын ұсынамын.

З.Баймухаметова:

-Басқа ұсыныс бар ма?

Б.Жапсарбаев:

-Мен де де ұсыныс бар. Мен өз кандидатурамды ұсынамын. Бүлі кісі әкімнің кеңесшісі бола тұра қалай төраға болады?

М.Уали:

-Қазір мен ол жерде жұмыс атқармаймын.Зейнеттемін.

З.Баймухаметова:

-Екі ұсыныс түсті. Осы кандидатураларды жеке-жеке дауысқа қоямын.

Бірінші Уали Марат Қалиасқарұлының кандидатурасын дауысқа қоямын.

Жақтап 10 қарсы-2, ұстап қалған-1 .

З.Баймухаметова:

Екінші Жапсарбаев Болат Шамарұлының кандидатурасын дауысқа қоямын.

Жақтап – 3 қарсы-9 , ұстап қалған-1 .

З.Баймухаметова:

-Дауыс беру қорытындысы бойынша 10 дауыспен Зайсан ауданының Қоғамдық Кеңес төрағалығына Уали Марат Қалиасқарұлы сайланды.

кеңесшісі бола тұра қалай төраға болады?

З.Баймухаметова:

- Төраға ары қарай қоғамдық кеңестің отырысын ары қарай жүргізуіңізді сұраймын.

Төраға Уали Марат Қалиасқарұлы:

-Қоғамдық кеңестің ережесін бекіту туралы мәселеге көшейік.

Ереже барлықтарыңыздың қолдарыңызға таратылып берілген. Осы Ережені бекітуді ұсынамын.

Осы ұсынысты дауысқа саламын. Жақтап 13, қарсы жоқ ұстап қалған жоқ.Ереже бекітілді.

Төраға Уали Марат Қалиасқарұлы:

-Барлықтарыңызды қоғамдық кеңес мүшелігіне сайлануларыңызбен құттықтаймын. Алдағы уақытта бірлесіп жұмыс жасаймыз.

-Кімде қандай ұсыныс пікірлеріңіз бар?

Қ.Сайранов:

Қоғамдық кеңестің келесі отырысына Ауыл шаруашылық бөлім басшысын шақырып көктемгі егіске дайындық туралы ақпаратын тындалса.

З.Баймухаметова:

-Құрметті қоғамдық кеңес мүшелері жұмыстарыңызға сәттілік тілеймін!

С.Камалбекова :

- Менде сіздерді сайлануларыңызбен құттықтаймын.Алдағы отырыстарыңызда осы ауылшаруашылық мәселесін қарау жөнінде ұсынысым бар.

Қ.Сайранов :

- Біздің отырыстарымызға келіп қатыса аласыз.

Д.Ыдырышев

-Менде сіздерді құттықтаймын,істеріңізге сәттілік!


Төраға Уали Марат Қалиасқарұлы:

-Құрметті! Қоғамдық кеңес мүшелері басқа ұсыныс пікірлеріңіз жоқ болса бүгінгі отырыстың күн тәртібіндегі барлық мәселелер қаралып болғандықтан, отырысты жабық деп жарялаймын!

Келгендеріңізге рахмет, сау болыңыздар!

Зайсан ауданының
қоғамдық кеңес төрағасы

Хатшылықта,аудандық
мәслихат аппаратының
оператор-хатшысы



М.Уали



Г.Жакибаева